



Рухани жаңғыру

ЖШС «Нұрби» мектеп бөбекжай-балабақша кешенінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасы жоспарына сәйкес, «Қарлығаш» ересек тобында мемлекеттік рәміздерімізге арналған іс-шара өткізілді.

Мақсаты: Балалардың туған еліне деген сүйіспеншілігін арттыру.



Сонымен қатар балабақшамызда «Рухани жаңғыу» бағдарламасына орай бұрыш жасақталып, бұрышта тарихи тұлғалардың фотолары және өмірбаяндары ілінді.

«Нұрби» балабақшасында «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Тапқыр достар» тақырыбында тәрбиешілер мен педагог мамандар арасында оқу сайысы өткізілді.



ЖШС «Нұрби» мектеп бөбекжай-балабақша кешенінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасы жоспарына сәйкес «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Нұрби» балабақшасының тәрбиешісі Сайрамбаева Лаззат «Ханталапай» ұлттық ойынын ұйымдастырды.

Мақсаты: Балаларға «Қазақтың ұлттық ойындары» туралы мәлімет беру. Ұлттық ойынға деген қызығушылығын арттыру. Балалардың ойлау, көру қабілеттерін дамыту.

Балаларды әдептілікке, ұйымшылдықа, мергендікке, шапшандыққа, бірін - бірі сыйлауға тәрбиелеу. Балалардың жүйке жүйелерін шыңдау, тілін дамытып, ойда сақтау қабілеттерін жетілдіру.

Ұрпақтан-ұрпаққа рухани құнды қазынадай мирас болып қалған халықтың салт-дәстүрлері мен мәдениетін ата-бабаларымыздың бай мұрасын құрметтей білуге, балалардың өз халқына, ұлтына салт-дәстүріне құрметпен қарауға баулу. Инабаттылыққа, ептілікке, тапқырлыққа тәрбиелеу.



